

АТЫРАУ ОБЛЫСЫ
ӘКІМІНІҢ
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ
АКИМА
АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ

060010, Атырау қаласы, Әйтеке би көшесі, 77
тел.: 8 (7122) 35-40-92, факс: 35-50-30
obl.akimat@atyrau.gov.kz

060010, г. Атырау, ул. Айтеке би, 77
тел.: 8 (7122) 35-40-92, факс: 35-50-30
obl.akimat@atyrau.gov.kz

№ 06.01-05.07-8/8064
19.09.2022 г.

Қоғамдық кеңес төрағасы
М.Ізбасовқа

2022 жылғы 4 тамыздағы
№144 хатқа

Құрметті Мақсым Шафиқұлы!

Атырау облысы әкімдігі Сіздің қоршаған ортаға кетірілетін зияны және ауа ластағыш ірі кәсіпорындардың орын алған авариялар туралы хатыңызбен танысып, төмендегіні хабарлайды.

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңның (бұдан әрі – Заң) 37-бабына сәйкес Әкімдік Қазақстан Республикасының Конституциясы, заңдары, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілері, өзге де нормативтік құқықтық актілер негізінде және оларды орындау орайында қаулылар шығарады және де облыс әкімі нормативтік-құқықтық сипаттағы шешімдер мен әкімшілік-басқарушылық, жедел және дербес сипаттағы мәселелер бойынша өкімдер шығарады.

Бұдан басқа, Заңның 27-бабына сәйкес облыс әкімдігі жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде өзіне Қазақстан Республикасының заңнамасымен жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Атырау облысы әкімдігінің 2015 жылғы 8 мамырдағы №136 «Атырау облысының Төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі комиссиясын құру туралы» қаулысымен қабылданған комиссия жұмыс жасайды. Жұмыс комиссиясының төрағасы облыс әкімі, төраға орынбасары облыс әкімінің орынбасары. Комиссия мүшелері құзырлы жергілікті атқарушы органдар басшылары.

Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 129-бабының 2-тармағына және «Міндетті экологиялық сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес I санаттағы өндірістік объектілер, яғни «NCOC», «ТШО», «АМӨЗ», «КРІ» компанияларының міндетті экологиялық сақтандыру шарты жасақталғандығын хабарлайды.

Жоғары айтылғандар негізінде қоршаған ортаны ластаушылардың Атырау қаласына тигізіп отырған әсерін анықтау мақсатында комиссия құру

000676

өкілеттіктері облыс әкімі мен облыс әкімдігінің құзырында және де басқа да нормативтік-құқықтық актілерінде көзделмеген.

Осыған байланысты аталған комиссия құруға мүмкіндік жоқ екендігін қаперіңізге береді.

**Атырау облысы
әкімінің орынбасары**



Қ.Нұртаев

орындаған: Г.Арстанова

тел: 8/7122/32-55-09

эл. пошта: ga.arystanova@atyrau.gov.kz